

Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 шілдедегі N 730 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 661 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2023 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізуге уәкілетті мемлекеттік орган болып белгіленсін.

3. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.24 N 387 Қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 2 шілдедегі
N 730 қаулысымен
бекітілген

Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 қарашадағы Заңының 18-бабына сәйкес әзірленді және меншіктің

мемлекеттік мониторингінің берілетін ақпаратына қол жеткізу құқығын, көлемін, тәртібі мен мерзімін қамтитын меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу тәртібін айқындайды.

2. Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпараты қағаз жеткізгішпен және/немесе электрондық дерекқорға жедел санкцияланған қол жеткізу арқылы беріледі.

2. Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу құқығын беру

3. Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу құқығы: Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне; Қазақстан Республикасының Үкіметіне; орталық және жергілікті атқарушы органдарға, жергілікті өкілді органдарға; Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға беріледі.

3. Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратын беру көлемі

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган толық көлемде немесе меншіктің мемлекеттік мониторингі мәніне жатқызатын жекелеген мәселелер бойынша меншіктің мемлекеттік мониторингінің ақпаратын алуға құқығы бар.

5. Орталық атқарушы органдар және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар оларға қатысты акциялардың мемлекеттік пакеттерін және қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын және/немесе мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыратын меншіктің мемлекеттік мониторингінің объектілері бойынша толық көлемде меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратын алуға құқығы бар.

6. Жергілікті өкілді органдар және жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі меншіктің мемлекеттік мониторингінің объектілеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратын алуға құқығы бар.

7. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін және қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын және/немесе меншіктің мемлекеттік мониторингінің объектісіне, сондай-ақ жеке меншіктегі меншіктің мемлекеттік мониторингінің объектілеріне қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асырмайтын орталық атқарушы органдар және Қазақстан Республикасының

Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар олардың құзыретіне жатқызатын мәселелердің шегінде меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратын алуға құқығы бар.

4. Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратын беру тәртібі мен мерзімі

8. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, сондай-ақ өзге жағдайларда Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларымен көзделген меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізуге уәкілетті орган береді.

9. Орталық атқарушы органдарға, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратын тиісті сұрау салудың негізінде меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізуге уәкілетті орган береді.

10. Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратын беру:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен көзделген мерзімде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларымен көзделген мерзімде;

2) орталық атқарушы органдарға, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізуге уәкілетті орган айқындайтын, бірақ сұрау салуды алған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

5. Меншіктің мемлекеттік мониторингінің электрондық дерекқорына жедел қол жеткізу

11. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген Мемлекеттік органдардың меншіктің мемлекеттік мониторингінің электрондық дерекқорына қол жеткізуі осы Ереженің 3-бөлімінде белгіленген көлемде айқындалады.

12. Меншіктің мемлекеттік мониторингінің электрондық дерекқорына қол жеткізуді жүргізу мен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК